

«Қазақстанның Футбол Федерациясы»
Қауымдастығы» ЗТБ
Атқару комитетінің шешімімен
БЕКІТІЛДІ
2023 ж. 03.11. № 6/14 хаттама

«Қазақстанның Футбол Федерациясы»
Қауымдастығы» ЗТБ
Атқару комитетінің шешімімен
енгізілген өзгертулермен
2024 ж. 01.07. № 24-12 хаттама

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ФУТБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫ ӘДЕП КОДЕКСІ



Астана қаласы, 2023 жыл

ПРЕАМБУЛА

Осы Қазақстанның Футбол Федерациясы Әдеп кодексі Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстанның Футбол Федерациясы Жарғысына, FIFA Әдеп кодексіне және FIFA өзге де нормативтік құжаттарына сәйкес Ресми тұлғалардың мінез-құлық стандарттарын белгілеу үшін әзірленген.

Қазақстан Футбол Федерациясы Қазақстан Республикасында футболдың тұрақтылығын және беделін қамтамасыз ету үшін өзіне ерекше жауаптылықты алады. Қазақстанның Футбол Федерациясы футболдың, соның ішінде Қазақстанның Футбол Федерациясы беделін белгілі бір адамдардың өнегесіз не әдепсіз әрекеттері нәтижесінде келтірілетін зияннан қорғауға тырысады. Қазақстанның Футбол Федерациясы Әдеп кодексі мінез-құлық қағидаттарын көрсетеді, сондай-ақ ең маңызды негізгі құндылықтарды белгілейді.

АНЫҚТАМАЛАР

ҚФФ - «Қазақстанның Футбол Федерациясы» Қауымдастығы» ЗТБ

FIFA – Футбол Қауымдастықтарының Халықаралық Федерациясы

UEFA - Еуропалық Футбол Қауымдастықтары Одағы

Атқару комитеті (Атқарком) – ҚФФ басқармасының атқару комитеті

Футбол субъектілері – ҚФФ, ҚФФ-ның мүшелері, жергілікті футбол федерациялары, футбол лигалары, футбол клубтары, футбол бойынша білім беру орындары /ұйымдары/мекемелері, ресми тұлғалар, ойыншылар, инспекторлар және матч делегаттары, төрешілер, агенттер, жаттықтырушылар, жанкүйерлер (көрермендер) және олардың бірлестіктері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында футболға байланысты қызметті жүзеге асыратын өзге де тұлғалар.

Бақылау, тәртіп және әдеп комитеті (БТӘК) – жарыстарды өткізу кезінде немесе оларды өткізуге байланысты жіберілген Ойын ережелерін, FIFA, UEFA, ҚФФ, Футбол лигаларының регламенттейтін құжаттарының талаптарын бұзу фактілерін қарайтын ҚФФ-тің бірінші сатыдағы заңды органы

Тәртіп регламенті - ҚФФ Регламенттеріндегі және федерацияның (қауымдастықтың) және басқа жарыс қатысушыларының футболға байланысты қызметін регламенттейтін басқа құжаттардағы ережелерді бұзу көрсетілетін, шығарылатын жазалар және оларға шағым жасау тәртібі белгіленетін, шешімдерді шығару үшін жауапты органдардың ұйымдастыру жағы және жұмыс істеуі, сондай-ақ осы органдарда істерді қарау тәртібі регламенттелетін құжат.

Жарыстар – ҚФФ немесе ҚФФ тапсырмасы бойынша ұйымдастырылатын және өткізілетін жарыстар.

Ресми тұлға – футбол-субектісі- ұйымдарда ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын барлық лауазымды тұлғалар, соның ішінде олардың басшылары (орынбасарлары), сондай-ақ, басқару органдарының мүшелері, жаттықтырушылар, футбол бойынша төрешілер, инспекторлар, матч делегаттары, техникалық қызметтер, FIFA, UEFA, ҚКФФ техникалық, медициналық және әкімшілік мәселелер үшін жауапты өзге де адамдар, ҚФФ, лигалардың немесе клубтардың мүшелері, сондай-ақ ҚФФ заңды органдарының мүшелеері

Футбол агенті – футбол агенті қызметін көрсетуге FIFA лицензиясына ие жеке тұлға

Осы Кодекстің ережелері таңдалған сөздер мен сөйлемдерге қарамастан аналық та, аталық та текке қолданымды.

Осы Кодекстің мәтінінде көзделген барлық атаулар мен анықтамалар олардың мағынасына зиян келтірілмей, жекеше түрде де көптік түрде де пайдаланыла алады

Осы Кодекстің барлық анықтамалары тек ыңғайлық үшін тұжырымдалған және осы Кодекстің жекелеген ережелерінің заңдық маңызына әсер ете алмайды.

1 тарау. ҚОЛДАНУ

1. Осы ҚФФ Әдеп кодексі (бұдан әрі - Кодекс) футболдың тұтастығына және беделіне нұқсан келтіретін мінез-құлыққа, атап айтқанда заңсыз, адамгершілікке жат және әдепсіз қылыққа қатысты қолданылады.

2. Осы Кодекс, ҚФФ, FIFA және UEFA регламенттейтін құжаттарына сәйкес барлық Ресми тұлғаларға, ойыншыларға, футбол агенттеріне қатысты.

3. Осы Кодекс ойын алаңындағы әрекетке (әрекетсіздікке) байланысты болу-болмауына қарамастан, футбол ойынында туындаған ҚФФ-тегі қатынастарды реттейді

4. Ресми тұлғалардың, ойыншылардың және футбол агенттерінің әдебіне және мінез-құлқына қатысты кез келген басқа регламенттейтін құжаттар (ережелер, регламенттер және т.б.) егер олар осы Кодекстің ережелеріне қайшы болмаса, өзгеріссіз қалады.

5. Егер осы Кодексте бір немесе басқа әдеп бұзылыстарын реттейтін нормалар болмаса, шешімдер ҚФФ-те қалыптасқан тәжірибеге сәйкес, немесе дәстүр болмаған жағдайда, олар заң шығарушылар ретінде әрекет етсе немесе сот тәртібінде белгіленетін қағидаларға сәйкес қабылданады.

6. Барлық отырыстарында Комитет спорттық доктринада және юриспруденцияда бұрыннан белгіленген прецеденттерге және қағидаттарға сүйене алады.

7. Егер өзгесі көрсетілмесе, осы Кодекстің талаптарын бұзу, бұл әрекет не әрекетсіздік болғанына, бұзу қаскөйлікпен немесе абайсыздықтан жасалғанына қарамастан, осы Кодекске сәйкес жазалануға жатады.

8. ТБӨК әдеп қағидаттарының орындалуын бақылайды, осы кодексте көзделген, ресми тұлғаларға қойылатын негізгі мінез-құлық қағидаларын және талаптарын бұзу оқиғаларын қарайды, сондай-ақ оларды жасағаны үшін тиісті тәртіптік санкцияларды шығарады.

2-тарау. НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАР

9. Ресми тұлғалар олардың өз міндеттемелерін орындау маңыздылығын, сондай-ақ олардың бұзылуына байланысты жауаптылықты сезінуге тиіс. Олардың мінез-құлқы олар FIFA, UEFA және ҚФФ қағидаттары мен мақсаттарын қолдайтынын және олардың сақталуына жағдай жасайтынын, FIFA, UEFA және ҚФФ регламенттейтін құжаттарында көрсетілген міндеттер мен мақсаттарға зиян келтіретін кез келген әрекеттен кез келген тәсілмен тартынатынын көрсетуге тиіс. Олар FIFA, UEFA және ҚФФ-ке адал берілгендігін сақтауға, сондай-ақ оларды адал, лайықты, құрметпен және әдепті көрсетуге тиіс

10. Ресми тұлғалар өз міндеттерін орындаған кезде әдеп нормаларын сақтау бойынша міндеттемелерін көрсетуге тиіс. Ресми тұлғалар өздерін лайықты, адал және риясыз ұстап, әрекет етуге тиіс.

11. Ресми тұлғалар өз қызмет бабын өз лауазымының бөлігі ретінде қандай да бір түрде теріс пайдалана алмайды, атап айтқанда, өз қызмет бабының артықшылықтарын жеке мақсатта немесе жеке пайда табу үшін пайдалана алмайды.

12. Ресми тұлғалар, өзіне міндеттемелерді алып, осы кодекстің ережелеріне сай болуға міндеттенеді.

13. Ресми тұлғалар осы Кодекске және ҚФФ, FIFA және UEFA құжаттарына сәйкес мінез-құлық ережелерін сақтауға; ТБӨК шешімдерін орындауға міндетті.

3 тарау. ҚЫЗМЕТТЕ БОЛУ ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТЕН БОСАТУ

14. Тек жоғары адалдық дәрежесін көрсететін және осы кодекстің ережелерін ескертусіз сақтауға міндеттенетін тұлғалар ғана Ресми тұлғалар ретінде жұмыс істеуге құқылы

15. Өтелмеген соттылығы бар тұлғалардың соттылығы олардың осы міндеттерді орындау қабілетімен сыйымсыз болса, олар Ресми тұлға міндетін атқаруға құқы жоқ. Осы талаптарға сай емес Ресми тұлғалар міндеттерді орындаудан шеттетіледі.

4 тарау. МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ

16. ҚФФ-те немесе футбол субъектілерінде футболға байланысты қызметті атқарған кезде немесе сайлануына, не тағайындалуына дейін Ресми тұлғалар олардың келешек қызметіне байланысты кез келген жеке мүдделерін ашуға міндетті.

17. Өз міндеттерін орындаған кезде Ресми тұлғалар мүдделер қақтығысына әкеп соғатын жағдайлардан аулақ болуға тиіс. Егер Ресми тұлғалардың Ресми тұлға ретінде өз міндеттемелерін адал, тәуелсіз және мақсатты әдетте орындаудан алаң қылатын жеке мүдделері болса немесе бар деп көрінсе, мүдделер қақтығысы туындайды.

18. Жеке мүдделер өзі, өзінің отбасы, туыстары, достары мен таныстары үшін кез келген ықтимал артықшылықтарды алуды қамтиды.

19. Бар немесе әлеуетті мүдделер қақтығысы болған жағдайда, Ресми тұлғалар өз міндеттерін орындай алмайды. Кез келген осындай қайшылық дереу дереу жария етілуге тиіс және бұл туралы Ресми тұлға өз міндеттерін атқаратын тиісті футбол субъектісіне хабарлау қажет.

20. Осы мәселе бойынша шешімді тиісті футбол субъектісінің уәкілетті органы қабылдайды.

5 тарау. БЕЙТАРАПТЫҚ САҚТАУ МІНДЕТІ

21. Мемлекеттік мекемелермен, ұлттық және халықаралық ұйымдармен, бірлестіктермен, топтармен, жеке тұлғалармен қатынастарда осы Кодекске байланысты мәселелерде Ресми тұлғалар, негізгі қағидаларды сақтаудан басқа, FIFA, UEFA және ҚФФ қағидаттары мен мақсаттарына сәйкес саяси тұрғыдан бейтарап болып қалуға және футболдың тұтастығын сақтау үшін олардың функцияларына сәйкес әрекет етуге тиіс.

6 тарау. КЕМСІТУШІЛІККЕ ТЫЙЫМ САЛУ

22. Ресми тұлғалар, нәсілі, этностық, ұлттық немесе әлеуметтік тегі, жынысы, діні, тілі, саяси нанымдары немесе өзге нанымдар, мүліктік жағдайы, жаралуы немесе кез келген басқа мәртебе бойынша, сексуалды бағдарлық немесе қандай да бір басқа себеп бойынша кемсітушілік көрсету, қорлап тіл тигізу немесе әрекет ету жолымен елдің, жеке адамның немесе адамдар тобының қадір-қасиетін қорлай алмайды және қол сұқпаушылықты бұза алмайды.

23. Ресми тұлғаларға, ҚФФ іс-шаралары мән-мәтінінде, ҚФФ және/немесе осы Кодекске байланысты кез келген басқа тұлғаға қатысты кемсіту сипатындағы қандай да бір жария мәлімдемелер жасауға тыйым салынады.

7 тарау. ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ ҚОРҒАУ

24. Ресми тұлғалар басқа тұлғалардың қол сұқпаушылығын қадірлеуге міндетті. Олар қатынасатын немесе қатынаса алатын әр адамның жеке құқықтарын қорғауды, қадірлеуді және сақтауды қамтамасыз етуге тиіс

25. Қудалауға тыйым салынады. Қудалау жеке тұлғаны оқшаулау немесе қуып жіберу үшін ұзақ уақыт ішінде жасалатын жүйелі түрдегі, жаулық және қайталанатын әрекет ретінде белгіленеді және жеке тұлғаның абыройын қозғайды.

26. Сексуалды алымсақтыққа тыйым салынады. Сексуалды алымсақтық жағымсыз сексуалды алымсақтық, жағымсыз және сиықсыз мінез-құлық ретінде белгіленеді. Қорқытуға, артықшылықтар жөнінде уәде беруге және мәжбүрлеуге тыйым салынады.

27. ҚФФ 28 тармақта сипатталған мінез-құлық үшін тұлғаға санкция салатын оның тиісті органдарымен қабылданған кез келген шешім туралы дереу FIFA-ға хабарлауға тиіс.

28. Ресми тұлғалар әлдекімді қандай да бір түрде қорлау мақсатында қорлаушы қылықтар мен сөздерді пайдаланбауға басқаларды өшпенділікке немесе зорлық-зомбылыққа араңдатпауға тиіс.

29. Ресми тұлғалар физикалық не психикалық зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінен, барлық алымсақтық түрлерінен және жеке тұлғаны оқшаулауға, қуғындауға немесе намысына қысым жасауға бағытталған барлық басқа жаулық әрекеттерден тартынуға тиіс.

8 тарау. БЕЙІЛДІЛІК ЖӘНЕ ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

30. Ресми тұлғалар FIFA, UEFA және ҚФФ алдында фидуциарлық міндетті атқарады, яғни бейілді және сақ болуға тиіс. Жауапты лауазымды атқаратын немесе өзіне сенгендігін пайдаланатын әлдекім FIFA, UEFA және ҚФФ мүдделеріне және беделіне залал келтіріп, әрекет еткен кезде фидуциарлық міндеттер бұзылады.

31. Олар атқаратын жұмысқа байланысты, Ресми тұлғаларға өз міндеттерін құпия не жасырын түрде орындаған кезде қолданылуға тиіс құпия сипатындағы ақпарат қолжетімді болуы мүмкін. Кез келген ақпарат немесе шешімдер FIFA, UEFA және ҚФФ қағидаттарына сәйкес қабылдануға тиіс.

32. Құпиялылықты сақтау міндеттілігі Ресми тұлғаны осы Кодекспен қалай болғанда да байластырған кез келген қатынастар тоқтатылғаннан кейін де сақталады.

9 тарау. СЫЙЛЫҚТАРДЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА АРТЫҚШЫЛЫҚТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ БЕРУ

33. Ресми тұлғалар футбол субъектісі ішінде немесе одан тыс тек мынадай сыйлықтар мен артықшылықтарды ұсына немесе қабылдай алады:

- 1) символды немесе тривиал (жаңа емес, өзіндік емес) мағынаға ие;
- 2) олардың ресми қызметіне байланысты әрекетке немесе әрекетсіздікке кез келген әсерді болдырмайтын;
- 3) орындайтын міндеттерге қайшы келмейтін;
- 4) қандай да бір құқыққа қайшы ақшалай немесе өзге де артықшылықтарды жасамайтын;
- 5) мүдделер қақтығысына әкеп соқпайтын.

Барлық осы критерийлерге сәйкес келмейтін кез келген сыйлықтарға немесе басқа да артықшылықтарға тыйым салынады.

34. Күмән туындаған жағдайда сыйлықтар ұсынылмауға немесе қабылданбауға тиіс. Барлық жағдайларда Ресми тұлғаларға әлдекімге кез келген сомадағы немесе түрдегі қолма қол ақшаны ұсынуға немесе қабылдауға тыйым салынады.

35. Егер бұған FIFA, UEFA және ҚФФ немесе тиісті футбол субъектісімен тура рұқсат етілмесе, Ресми тұлғалар олардың отбасы мүшелеріне немесе оларды ресми оқиғаларға алып жүретін қауымдастырылған тұлғаларға байланысты шығындарды өтей алмайды. Кез келген осындай рұқсат тиісті түрде ресімделуге тиіс.

36. Ресми тұлғалар жоғарыда аталған жағдайларда құқыққа қайшы мінез-құлық немесе осындай әрекетті жасауға талпыныс жөнінде күмән тудыруға мүмкін кез келген әрекеттерден немесе мінез-құлықтан тартынуға тиіс.

10 тарау. ПАРАҚОРЛЫҚ

37. Ресми тұлғалар, бизнесті алу немесе сақтау мақсатында жеке, ақшалай немесе өзге артықшылықты, ҚФФ немесе футбол субъектісі ішінде немесе одан тыс біреу үшін өзге артықшылықты ұсынбауға, уәде бермеуге, бермеуге немесе қабылдауға тиіс.

Бұндай әрекеттер олар делдалдар немесе олармен байланысқан адамдар арқылы немесе олармен бірге тікелей немесе жанама жүзеге асырылатынына қарамастан, оларға тыйым салынған.

38. Ресми тұлғалар олардың ресми қызметіне байланысты және өз міндеттеріне қарамастан немесе өздері білгенінше әрекеттерді немесе әрекетсіздіктерді жасау үшін кез келген ақшалай немесе өзге де артықшылықтарды ұсынбауға, уәде бермеуге, брмеуге және қабылдамауға тиіс. Кез келген осындай ұсыныс туралы Комитетке хабарлануға тиіс және осы талапты кез келген орындамау осы Кодекске сәйкес жазалануға жатады.

39. Бұл делдалдар немесе басқа мүдделі тұлғалар арқылы тікелей немесе жанама жүзеге асырылатынына қарамастан, Ресми тұлғаларға ҚФФ немесе футбол субъектісінің активтерін иемденуге тыйым салынады.

40. Ресми тұлғалар жоғарыда аталған жағдайларда құқыққа қайшы мінез-құлық немесе осындай әрекетті жасауға талпыныс жөнінде күмән тудыруға мүмкін кез келген әрекеттерден немесе мінез-құлықтан тартынуға тиіс.

11 тарау. КОМИССИЯЛЫҚ АЛЫМДАР

41. Егер тиісті орган бұған тікелей рұқсат бермесе, Ресми тұлғаларға кез келген мәмілені жасау, өз міндеттерін орындау үшін өзі немесе делдалдар үшін комиссиялық алымдарды немесе осындай комиссия туралы уәделерді қабылдауға тыйым салынады. Осындай орган болмаған жағдайда, аталған Ресми тұлға бағынатын орган шешім қабылдайды.

12 тарау. ФУТБОЛ ТОТАЛИЗАТОРЫНА ҚАТЫСУ

42. Ресми тұлғаларға футбол матчтарына немесе жарыстарға байланысты және/немесе футболға қатысты кез келген іс-шараларға байланысты ұтыстарға, құмар ойындарға, лотереяларға немесе ұқсас іс-шараларға, транзакцияларға тікелей неесе жанама қатысуға тыйым салынады.

43. Ресми тұлғалардың футбол матчтарына немесе жарыстарға байланысты ұтыстар, құмар ойындар, лотереялар немесе ұқсас іс-шаралар, транзакциялар сияқты қызмет түрлеріне деген ешқандай тікелей немесе жанама қаржылық мүддесі (үшінші тұлғалар арқылы немесе олармен бірге) болмауға тиіс. Мүдделер осы Кодекспен байланысты адамдардың өздері және/немесе байланысты тараптар үшін кез келген ықтимал артықшылықтарды қамтиды

13 тарау. ФУТБОЛ МАТЧТАРЫМЕН НЕМЕСЕ ЖАРЫСТАРМЕН АЙЛА-ШАРҒЫ ЖАСАУ

44. Ресми тұлғаларға футбол матчтарымен немесе жарыстармен айла-шарғы жасауға қатысуға тыйым салынады және олар футбол матчтарымен немесе жарыстармен ықтимал айла-шарғы жасауға тікелей немесе жанама қатысты әрекеттерге және/немесе ақпаратқа байланысты кез келген талпыныс туралы Комитетке дереу хабарлауға тиіс.

45. Ойын алаңында және оның шегінен тыс футбол матчтарымен немесе жарыстармен айла-шарғы жасауға байланысты барлық әрекеттер бойынша шешім қабылдау ҚФФ ТБӨК құзыретінде.

14 тарау. АШУ ЖӘНЕ АДАЛДЫҚ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕ

46. Ресми тұлғаларға жалған құжаттарды жасауға, оларды бұрмалауға, немесе жалған не бұрмаланған құжатты пайдалануға тыйым салынады

47. Ресми тұлғалар осы Кодексті кез келген ықтимал бұзуы туралы дереу ТБӨК-ке хабарлауға тиіс. ТБӨК өтініші бойынша Ресми тұлғалар істің мән-жайларын айқындауға

немесе бұзушылықтың ықтимал мән-жайларын анықтауға мүмкіндік жасауға және, атап айтқанда, өз табыстары туралы мәліметтерді декларациялауға және тексеру үшін сұратылған дәлелдемелерді ұсынуға міндетті.

15 тарау. ҚФФ ЖАРҒЫСЫН ЖӘНЕ ТӘРТІПТІК РЕГЛАМЕНТІН ҚОЛДАНУ

48. ТБӨК қасақана немесе абайсыздан жасалған әрекеттер немесе әрекетсіздіктер үшін ҚФФ Жарғысында және/немесе Тәртіп регламентінде көзделген кез келген санкцияны қолдануға құқылы.

49. Осы Кодексте басқа қағидалар болатын немесе Тәртіп регламентінің ережелері осы Кодекстің мақсатына және мазмұнына қатысты қолданыла алмайтын жағдайларды қоспағанда, ҚФФ Тәртіп регламентінің барлық ұйымдық және рәсімдік қағидалары ТБӨК қаралатын барлық істердің мәнмәтінінде тікелей қолданылады.

16-тарау. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

50. Ресми тұлғалар осы Кодексті кез келген ықтимал немесе жасалған бұзу туралы ТБӨК-ке дереу хабарлауға міндетті

51. Футбол субъектілері және Ресми тұлғалар ТБӨК сұранысы бойынша барлық сұратылатын ақпаратты ұсынуға міндетті, Ақпаратты сұраныста көрсетілген мерзімде ұсыну қажет.

52. Ресми тұлғалар ТБӨК шақыруы бойынша отырысқа келуге міндетті. ТБӨК отырысына шақыру хаттар факсимильді байланыс арқылы немесе өзге тәсілмен жіберіледі.

53. Ақпаратты ұсынбаған немесе отырысқа келмеген жағдайда, ТБӨК ҚФФ Тәртіп регламентіне сәйкес санкцияны қолдануға құқылы.

17 тарау. ЖАУАПКЕРШІЛІК

54. Ресми тұлға Әдеп кодексінің баптарын бұзатын әрекеттер үшін, олар қаскөйлікпен немесе абайсыздан жасалғанына қарамастан, жауапты болады.

18 тарау. КҮШІНЕ ЕНУ, ТОЛЫҚТЫРУЛАР МЕН ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ

55. Осы Кодекс ҚФФ Атқару комитеті бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

56. Осы Кодекс ол күшіне енгеннен кейін туындаған барлық мәселелерге қатысты қолданылады. Сондай-ақ, осы Кодекс, егер олар күші жойылған Кодекстің талаптарына қайшы болмаса, оны қабылдауына дейін туындаған қатынастарға да қатысты қолданылады

57. Осы Кодекске толықтырулар мен өзгерістер ҚФФ Атқару комитетінің шешімімен енгізіледі.